
ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2024

Жылына 4 рет шығады
2001ж. Шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 15.03.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курьжжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 15.03.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

© Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute**, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute**, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkerova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АЛПЫСБАЕВА А.Е., АШИМХАНОВА С.А., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	М. Жұмабаевтың «Гүлсім ханымға» өлеңінің лингвопоэтикасы және аудармадағы көрінісі.....	7
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі кейбір түркі сөздерінің этимологиясы.....	24
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С.	Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері.....	35
КҮДЕРИНОВА Қ.Б. СЕРІКҚЫЗЫ М.	А.Байтұрсынұлы сөзсаптамындағы қазақ сөзінің дәстүрлі прагматикасы.....	52
KURMANGALI F.T., MAMAYEVA G.B., BEIMBETOVA A.A.	National cultural connotation of regular expressions and national code in kazakh and english languages.....	67
РАЙНБЕКОВА Г., KASAROGLU CENGEL H.	Терминологиядағы антонимия (қазақ тілінің антонимдер сөздігі негізінде).....	80

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СӘРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Ясауи хикметтеріндегі айшықтаулардың көркемдік қызметі.....	92
АКНМЕТОВА І.В., KALIYEV A.K., АҒА М.	The role of woman in birth rituals of kazakh and turkish people.....	104
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М.	Постмодерн әдебиетіндегі қала тақырыбы.....	118
ISPANDIYAROVA A.T., ABSADYK A.A.	The concept «woman» in kazakh folk lyrics.....	133
ИБРАЙХАНОВА А.Қ.	Сапарғали Бегалин поэмаларындағы ертегі, аңыздар ізі.....	143
ҚАМАРОВА Н.С., ЖАЙЛОВОВ Б.С.	Әбіш Кекілбайұлы – әдебиеттанушы.....	157
НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ Л., ДАРИБАЕВ С.Д.	Бесікке салу ғұрпына қатысты қастерлі ұғымдар	172
НУРГАЛИ Қ.Р., МЕЛЬНОВА К.В.	Основы миропостроения в произведениях жанра фэнтези.....	188

СЕЙСЕНҚҰЛҰЛЫ Ө., КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ТӨЛЕУБАЕВА К.А.	«Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының Абайды тануы.....	200
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б.	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы әдеби интерьердің мекеншақтық қызметі.....	213
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Образ грешницы в драме А.Н. Островского «Гроза».....	224
ҮЕРСАИНОВА А.В., КОШАНОВА ЗН.Т., ТАЛАСПАЕВА ЗН.С.	The contribution of the academician and writer Sabit Mukanov to Shokan studies.....	236

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND
LITERATURE**

КЛЫЧНИЯЗОВА Г.Н., СЫРЛЫБАЕВА Г.Т.	Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері	248
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С.	Эпостардағы «қаһарман-қыздар» бейнесін ЖОО-да СТО технологиясы арқылы оқыту.....	263

FTAMP 17.82.10

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.01>*А.Е. АЛПЫСБАЕВА¹ С.А. АШИМХАНОВА² М.Б. ӘБДИМАНАПОВА³ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан³(e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru¹, svetlana-1943@amil.ru²,mereke.bakhbergenova@mail.ru³)

***М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА» ӨЛЕҢІНІҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ**

Аңдатпа. Мақалада Мағжан Жұмабаевтың «Гүлсім ханымға» өлеңіндегі лингвопоэтика элементтерінің орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Поэтикалық аударма –көркем аударманың ең биік шыңы. Терең, астарлы ойлар түрлі көркемдеуіш, бейнелі құралдармен белгілі бір ырғақты формаға келтіріліп, әр сөз маңызды болған тұста аудармашыға артылатын жүк ауырлай түседі.

Өлең сөздің шебері Мағжан ақын поэзиясының өзге тілдерге аударылуы енді ғана зерттеліп келеді. Сол себепті түпнұсқа мен аударма мәтіндегі эстетикалық әсерге жауап беретін көркемдік-бейнелеуіш құралдарды лексико-семантикалық, құрылымдық тұрғыдан салыстырмалы талдай отырып, аударманың сәтті тұстары мен орын алған алшақтықтарды анықтауды мақсат етеміз. Сондай-ақ, өлеңге белгілі бір әуез бен ырғақ беретін сыртқы параметрлері мен құрылымы да буын, бунақ, ұйқас деңгейінде түпнұсқа/аударма жұбында талдауға түседі.

Зерттеу нәтижесі ақын поэзиясы аудармаларының сапасын анықтап, ары қарай да шетел тілдеріне аудару тәжірибесін байытуға септігін тигізеді. Орыс тілінде үш аударма нұсқасы мен ағылшын тіліндегі аудармасы поэзия аудармасының қай стратегиясына сай (Дж. Холмс, Левфевер бойынша) аударылғаны анықталып, түпнұсқа мазмұны мен идеясына, көркемдік тұлғасына қаншалықты әсер еткені интерпретацияланады. Қазіргі уақытта ақынның тек жиырма өлеңі ағылшын тіліне тәржімаланған. Ал, орыс тілі көптеген аудармаларға аралық тіл қызметін атқарғандықтан орыс тіліндегі аудармалар арнайы талдауды қажет етеді.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19175235 «М. Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Түйін сөздер: лингвопоэтика, поэтикалық аударма, көркемдік-бейнелеуіш құралдар, өлеңнің құрылысы, аударма стратегиялары.

Кіріспе. Поэтикалық аударманың күрделілігі қай заманда да даусыз еді. Б. Раффэль өлең аудармасын өнер (поэзия аудармашысы ақын болуы керек және өлеңді қара сөзбен аударуға болмайды) десе [1, 23], Д. Вайсспорт поэтикалық аударманы «қос лабиринт» [2, 10], ал П. Робинсон тіптен мүмкін емес өнер (art of impossible) [3, 9] деп атайды. 2003 жылы Хакер Уиллис Барнстоун аударма сыйлығын, 2009 жылы Мари Этьеннің «Жүз салт атты патшасының» аудармасындағы поэзиясы үшін PEN сыйлығын, сонымен бірге Ұлттық поэзия сериясынан бірінші Роберт Фаглес аударма сыйлығын жеңіп алған америкалық ақын, аудармашы, сыншы Мэрилин Хаккер «Сіз әсіресе поэзияны аударған кезде ақынның сөздерді, сөйлемдерді, сөз тіркестерін, өлең жолдарының, синтаксис пен сөйлем арасындағы үштік шиеленісті қалай біріктіретінін қарауға міндеттісіз» [4, 130] – дейді. Яғни, «поэзияны аудару өте күрделі үдеріс, өйткені аудармашы мәтінді бір тілден екінші тілге көшіру кезінде өлеңнің формасы мен мазмұнын сақтауға жауапты» [5, 2026].

Аталмыш форма мен мазмұнды сақтау жауапкершілігі еш туыстығы жоқ шетел тілдеріне аударғанда көп қиындықтар туғызары анық. Әсіресе, басқа тілдік семьяға жатуымен қатар, типі жағынан флективті тіл болып табылатын ағылшын тілінен, әрбір грамматикалық тұлғасы грамматикалық мәнге ие болатын агглютинативті қазақ тіліне немесе керісінше қазақ тілінен ағылшын тіліне тәржімалау барысында форма, ұйқас, ырғақ, фонетикалық үндестікті сақтау аудармашыдан біраз шеберлікті талап етеді. Ал, қазақ және орыс тілдері әртүрлі семьяларға және тілдік типтерге жататынына қарамастан, олардың көп ортақ тұстары бар: екі тілдің әліпбиі кириллицаға негізделген, сондықтан дауысты және дауыссыз дыбыстардың едәуір бөлігі бірдей. Кейбір сөйлем мүшелерінің грамматикалық категориялары бірдей (тұлғалар, жекеше және көпше түр, септіктер және т.б.). Дегенмен, бұл тілдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Осы тілдік, сонымен қатар мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, мақалада алғаш рет салыстырмалы түрде Мағжан ақынның «Гүлсім ханымға» өлеңінің орыс тіліндегі үш нұсқадағы аудармалары мен ағылшын тіліндегі аудармасына семантикалық-құрылымдық тұрғыдан талдау жасалады. «Гүлсім ханымға» – ақынның 1920 жылы Қызылжарда мұғалімдер курсына мұғалім, әрі директор қызметін атқарып жүрген кездегі математика пәнінен мұғалім Гүлсім Камаловаға арнаған алғашқы өлеңі. Аса сұлу, жан баласына сәлем бермейтін тәкаппар ханым жұрт назарын өзіне еріксіз аударатын еді. Бір күні Мағжан оқытушылар бөлмесіндегі үстел үстінде қалған Гүлсімнің қалың дәптеріне осы сегіз жол өлеңді шығарып, жазып кетеді. Өлең екі шумақ, 8 тармақтан, әр тармағы 11 буын (тек бір жолда 12 буын), үш бунақтан тұратын,

кара өлең ұйқасына құрылған:

Гүлсім ханымға

3 4 4

Бота көз//, сиқырлы сөз// Гүлсім ханым, а

3 4 4

Әр жерде// өткізсек те// өмір таңын, а

3 4 4

Кей уақыт //көзіңізге// көзім түссе, б

3 4 4

Ойнайды //аласұрып //неге жаным?! а

3 4 4

Бота көз//, сиқырлы сөз //ханым Гүлсім, а

3 4 4

Көктегі //Күн күлмесін//, Гүлсім күлсін! а

3 5 4

Гүлсім – Күн//, көкте ақырын// жүзе білед, б

3 4 4

Сүйдіріп//, күйдіргенін// қайдан білсін! а [6, 152].

Орыс тіліндегі үш нұсқадағы аударма авторлары – Ауезхан Қодар, Қайрат Бакбергенев мен Валерий Любушин, ағылшын тіліндегі аударма авторлары – Тимур Кожаоглумен Мелл Кенне.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Э. Умберто (2023) [7], Х. Тисгам (2014) [8], З. Джафари және А. Каримниа (2015) [9] сияқты аударма теоретиктері мен практиктерінің көпшілігі бастапқы мәтін мен мақсатты мәтін арасындағы мәдени және тілдік айырмашылықтарға байланысты поэзияны аудару мүмкін емес деген пікірмен бөліседі. Поэзия аудармасының негізгі мақсаты – аударма тілінде түпнұсқа өлеңнің әсерін қайта жасау. Э. Умберто «Егер ақын өз жұмысын түпнұсқа тілінде (немесе бастапқы тілде) дұрыс орындаса, онда ол бар айла мен тактиканы қолданып, өлеңді қайта жасау жұмысын мүмкін емес етеді деп, поэзия аудармасын «сәтсіздік өнері» (art of failure) деп атайды [7,10]. Олар поэзияны аударудағы мәселелерді «үш негізгі категорияға жіктейді: лингвистикалық, эстетикалық және әлеуметтік-мәдени» [10, 25].

Біріншіден, лингвистикалық кедергілердің ішінен коллокация мен синтактикалық құрылымды атап өтеді. Олардың пікірінше, аудармашылар балама сөз тіркестерін, сондай-ақ мақсатты мәтінде бастапқы мәтіннің құрылымдарына ұқсас немесе жақын синтаксистік құрылымдарды қолдануы керек. Ал, ұқсас құрылым мен баламалы сөздерді табу өте қиын. Сонымен қатар, бастапқы және мақсатты мәтін арасындағы сөз тәртібі өте маңызды екенін айтады [8, 32]. Тілдер мен сөз тәртібінің айырмашылығына байланысты аудармашылар өлеңді бір сөз ретімен аудару кезінде кедергілерге тап болады. Бұл аударылған өлеңдегі мағынаның жоғалуына әкеледі, өйткені мағына

көбінесе сөздердің орын тәртібіне байланысты. Аудармашы үшін синтаксистік құрылымдар мен сөздердің орын тәртібі ғана емес, әріптердің немесе сөздердің бас әріппен жазылуы поэтикалық аудармада тағы бір қиындық туғызады.

Аудармашыларға бөгет болатын тағы бір аспект – эстетика, яғни түпнұсқа өлеңнің сұлулығы мен формасын сақтау. Өлеңнің сұлулығы қарапайым дыбыстық үндестік пен дыбыстардың үйлесімді «ойыны», гармониясынан бастап, жасырын жұмбақ, экспрессивтілік пен әсемдік беретін метафора, эпитет, теңеу тәрізді түрлі көркемдік-бейнелеуіш құралдардан құралады. Сондай-ақ, эстетикалық деңгейде көптеген аудармашылар поэзияны аудару кезінде тағы бір қиын мәселеге тап болады, ол өлеңнің сезімі мен имплицитті сарынын жеткізу.

Ал, үшінші мәдени кедергі ретінде түпнұсқа мәтін мен аударма мәдениеті арасындағы өлең жолдарында тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын дүниетаным, наным-сенім, діни және әдеби көзқарас, дәстүр мен салт-сана арасындағы айырмашылықтарды атайды.

Аталмыш қиындықтардың барын жоққа шығара алмаймыз, бірақ оған қарамастан поэзия аудармасы өмір сүріп келеді және аударма түпнұсқадан асып түскен, аударма деп атауға аузың бармайтын көркем туындылар дүниеге келді. Мұны мойындайтын зерттеушілер жоғарыда аталған қиындықтарды жеңудің амалдарын ұсынады. Мысалы, лингвистикалық кедергілердің алдын алу үшін өлеңнің құрылымын тереңнен түсініп, әрбір тіркес пен сөйлемді талдау қажет десе, мәдени семантикаға ие сөздерді аударылатын тілдегі мәдени эквивалентімен тәржімалау керек дейді. Эстетикалық тұсына келер болсақ, аудармашы сөздің негізгі мағынасы мен поэтикалық мағынасын ажыратып, түпнұсқадағы метафораны аса жоғары талғаммен, жете түсініп барып аудару қажеттігін айтады [11, 342].

Поэзияны аудару кезінде мәдени мәселені шешудің басқа да пайдалы ұсыныстары төмендегідей: 1) ақындар өз өлеңдерінде айтқан жерлерге бару және өздерін ақындардың сол кездегі жағдайы мен жан толғанысын өздері өмір сүргендей елестету, эмпатия; 2) бір сілтемеге немесе әдебиетке емес, поэзия мен әдебиетке арналған бірнеше сілтемелер мен кітаптарды оқып, зерттеу; 3) ақынның өмірбаянын, эмоцияларын, көзқарастарын, мінез-құлқы мен сезімдерін зерттеу, бұл мағынаны сөзбе-сөз жеткізу қаупін азайтады; 4) аударылатын тілде сөйлейтін халық өкілдерімен танысып, олардың өмір сүру салты мен сол мәдениетке тән сөздердің мағыналары туралы не айтатынын талдаңыз [12, 200].

«Идеал» жағдайда аудармашы аталмыш қиындықтар мен оларды жеңудің амалдарын есепке ала отырып, өлең аудармасын жасайды. Отандық аударматану ғылымында поэзия аудармасына қатысты жалпы тұжырымдар жасалғанымен, нақты нормативті теориялар құрылмаған. Шетелдік ғылыми дискурста өлең сөзбен жазылған поэтикалық аудармаға қатысты аударма

стратегияларын ұсынған және теориялары әлі күнге дейін релевантты саналатын екі ғалымды атауға болады. Олар – Джеймс Холмс (1972) [13] пен Андре Левфевер (1975) [14]. Дж. Холмстың поэзия аудармасына қатысты ұсынған төрт стратегиясы:

(а) миметикалық (түпнұсқа формасы сақталады)

(b) аналогиялық (мақсатты аудиторияға мәдени сай келетін форма қолданылады)

(c) органикалық (семантикалық материал аударма барысында өзіндік бірегей поэтикалық формаға ие болуға рұқсат етіледі)

(d) девианттық немесе жат, яғни аударылған мәтін формасы жағынан да, мазмұны жағынан да түпнұсқаға сай емес [13, 19].

Әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, Дж. Холмстың өзі миметикалық стратегия рифмалы өлеңдер үшін мүмкін емес сияқты, өйткені екі тілдің просодикалық жүйесінде дәл балама табу қиын, бірақ ырғақсыз еркін өлеңдер үшін әбден мүмкін дейді. Аналогиялық стратегия бойынша аудармашы өлеңнің түпнұсқасын доместикациялауға ұмтылады; бастапқы мағынасын жоғалтпай, мақсатты оқырман мәдениетіне бейімдейді. Үшінші стратегия – органикалық форма. Бұл стратегия алдымен түпнұсқа өлеңнің жалпы мағынасын ашуға баса назар аударады. Содан кейін алынған мағынаға негізделген аударма процесін алға жылжытуға мүмкіндік береді. Аталмыш стратегия үшін қолайлы өлеңдердің бірі – кодталған өлең. Кодталған өлең дегеніміз – өлең жолдары арқылы жазылған құпия хабарды сөздердің орналасуы арқылы ашылатынын білдіреді. Мұндай өлеңте мысал ретінде акростикалық поэма жатады. Акростикалық өлеңде хабар әр жолдың бірінші әрпінде беріледі. Девиантты немесе жат – бастапқы поэзиядан мүлдем өзгеше жаңа форманы дамытуға бағытталған стратегия. Бұл стратегия олардың мағыналарын тек сөздер арқылы ғана емес, формалар арқылы да көрсететін өлеңдерге қолданылады. Мұндай өлеңдер формалды немесе нақты және алмас өлеңдер деп аталады.

А. Левфевер дыбыс пен ассоциацияларды қозғайтын поэзиялық аудармаға қатысты жеті стратегияны ұсынады. Олар фонематикалық аударма, сөзбе-сөз аударма, метрикалық аударма, прозалық аударма, рифмалық аударма, ақ өлең (ұйқассыз) аудару және интерпретация:

1) фонематикалық аударма – аударма тілінде (TL) бастапқы тілдің (SL) дыбысын шығарады; 2) сөзбе-сөз аударма поэтикалық мағынаға мән бермей, «дәл» түпнұсқаға сай аударма жасау; 3) метрикалық аударма SL өлшемін қайталайды; 4) поэзияны прозамен аудару мәтіннің мағынасын, коммуникативті құндылықтарын және SL синтаксисін бұрмалайды; 5) рифмалық аударма SL өлеңінің рифмасын аударуға тырысады; 6) ақ өлеңмен аудару TL-дегі баламалардың түпнұсқа өлеңнің мағынасына жақын мәндерге ие болуын қамтамасыз етеді; 7) интерпретация SL мәтінінің мазмұны сақталған,

бірақ пішіні өзгерген кезде пайда болатын нұсқалармен және аудармашы аударма арқыл «өз» өлеңін шығарған кезде болатын имитациялармен ерекшеленеді [14, 32].

Келесі бөлімдегі талдау нәтижесінде аудармашылардың аударма барысында қандай трансформациялар орын алып, қай стратегияны ұстанғандығы анықталады.

Талқылау мен бақылау. «Гүлсім ханымға» өлеңі екі шумақ және сегіз жолдан ғана тұрғанымен, өте әуезді, ырғақты, әр жолы көркемдік-бейнелеуіш құралдарға тұнып тұр. Ең бірінші оқырман назарын өлеңнің тақырыбындағы және өлең жолдарында да кездесетін ханым сөзі аударды. Хан сөзінен шыққан ханым сөзі түркі тілдерінде әйел адамдардың атына қосылып айтылып, құрмет сезімін білдірген. Ханның әйелін ханым деп атаса, бертін келе жалпы әйел адамдарға да қаратылып, қолданылып келеді. Бірақ аталмыш сөздің қолданысы жайында қоғамның ойы екіге бөлініп, дискуссия орын алып жатады. Бірілері ханым деп тек ханның әйеліне қарап айтылатын болған, жалпы әйелдер қауымын олай атау дұрыс емес десе, екіншілері тілде өзгерістер орын ала беретінін алға тартып, еркін қолданады. Мағжан ақын да ханым сөзін қоса отырып, Гүлсімге деген ерекше құрметі мен ітипатын білдіреді. Ханым орыс тілінде В. Любушин мен А. Қодардың аудармаларында ханум деп тәржімаланса, Қ. Бақбергеновтың аудармасында өлеңнің тақырыбында орын алғанымен, өлең жолдарындағы ханым сөзі омиссияға ұшыраған. Яғни, тек Гүльсум деп көрініс тапқан. Ал, ағылшын тілінде функционалды эквиваленті lady сөзімен тәржімаланған. Бір қызығы, ағылшын тіліндегі lady сөзінің де әр тарихи кезеңде қолданыс ерекшелігі бар. Мысалы, «1200 жылы қоғамда жоғары орын алатын әйелдерге қатысты қолданылса, 14 ғасырдан рыцарьлық махаббат нысаны ретінде таңдалған әйелге қатысты, тек 1890 жылдардан барлық әйелдерге қаратылып айтылатын сөзге айналған» [15].

«Гүлсім ханымға» өлеңінің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары

1 –Кесте

Валерий Любушиннің аудармасы	Ауезхан Қодардың аудармасы	Қайрат Бақбергеновтың аудармасы	Тимур Кожаоглудың аудармасы
Гүльсум ханум	Гүльсум-ханум	Гүльсум-ханум	To Lady Gülsim^{19*}
3* 3 6	3 7	6	4 2
О Гүльсум//, о ханум! //Твои очипреkrасны, а	О, Гүльсум//, чьи пленительны 6	Глаза верблюженка//, 6 2	Oh, pretty-eyed//, sweet-voiced// 4
3 3 6	очи //и речи медовы, а	волшебные речи// – Гүльсум! а	Lady Gülsim! а
Речь сладка//, как нектар//из цветков в пиале, б	3 7	5	2
3 4 4	Пусть уж нам// впечатления	Нечаянной радостью// путь мой	With all our schem- ing//, this life//
Неужели// потути	3	2	2

<p>мои //все напрасны? А 6 3 3 Я безумен опять//, я один //на земле. Б 3 5 5 О Гульсум//, о красавица //с речью медовой А 4 3 Ты смеешься//, и солнце //с 4 тобой на беду Б 7 2 Равнодушно взирает// на Мир 4 //наш не новый, а 7 3 Я страдаю жестоко//, я словно// 2 в бреду. б</p> <p>[16: 135]</p>	<p>мира// не новы. а 7 4 Почему же волнуюсь// при 2 встрече я// с Вами б 7 На безумства 4 3 любые//окунуться// готовый? а 3 7 О, Гульсум//, чьи пленительны 6 очи// и речи с намеком, а 7 Пусть смеется не солнце//, 2 4 Гульсум//, - Ваше око. а 3 4 Ах, Гульсум// – это солнце//, 6 плывет себе в небе, б 4 4 И не знает//, что кто-то тут// 6 страдает жестоко. а</p> <p>[16: 36]</p>	<p>отмечен//, Гульсум! а 6 3 Но кто мне ответит//, зачем 5 вдруг//при встрече с тобой б 3 5 В смущенье //приходит душа //и 6 уходит покой?! б 6 Глаза верблюженка//, 6 2 волшебные речи// – Гульсум! а 6 6 Пусть солнце мрачнеет//, но 2 вечно смеется// Гульсум! а 2 4 8 Сама//, словно Солнце//, что в небе беспечно плывет б 6 5 И знать не желает//, что влюбит 3 в себя// и сожжет! б</p> <p>[17: 132]</p>	<p>still goes. б 4 3 But when my eyes// suddenly 2 //catch yours, б 4 2 4 Why should my soul//bare //all its sor- rows? б 5 2 Oh my pretty-eyed//, sweet- 4 voiced// Lady Gülsim!а 4 3 She laughs gaily// as the sun// 3 strikes his pose. б 3 5 4 Yet she too// can easily sail //high in the skyв 5 2 And sear me with love//, I guess 2 //this shows. б</p> <p>[18: 61]</p>
---	---	---	--

*Бунақтардағы буын саны

19*A slightly different translation of this poem was first appeared in Kocaoglu (1993, p. 7). "Gülsim" was Tatar lady who was a teacher at school where Maghjan was also teaching. They both had a short lived platonic love. Maghjan has also another poem devoted her "Gülsimge" (To Gülsim) [18: 61].

Және бір атап өтетін тұсы, Т. Кожаоглудың 1993 жылы Қазақстан

газетінде жарық көрген алғашқы аудармасында өлеңнің тақырыбы «To the lady Rose» (Раушан ханымға) деп аталады [19, 7]. Яғни, өлеңнің атауы мақсатты аудиторияға бейімделіп тәржімаланады. Бірақ кейіннен 2018 жылы жарық көрген аудармасында Гүлсім ханымның есімін транскрипциялап, өз реңін сақтап тәржімалайды (To Lady Gülsim). Аудармашымен болған сұхбатта бұл шешімін төмендегідей түсіндіреді: «Гүлсім ханымға өлеңіне келер болсақ, алғашында ағылшын тілді оқырмандарға «Гүлсім Ханым» сөзін “Lady Rose” деп ағылшын тіліне аударғаны жақсы болар деп ойлап, бірақ кейіннен “Гүлсім” деген жеке есімді аудару жақсы болмайтынын түсініп, өзгерттім» (Сұхбат материалдары). Біз аудармашының бұл шешімімен толықтай келсеміз. Сондай-ақ, түпнұсқадағы өлең атауында барыс септігі грамматикалық тұлғасында ханымға деп қаратылып айтылуы тек ағылшын тілінде сақталған. Орыс тіліндегі аудармаларда тек Гульсум ханум деп атау септігінде көрініс тапқан.

Келесі бірден көзге түсетіні, бота көз, сиқырлы сөз атрибутивті сөз тіркестері екі шумақта да қайталанып, жол басынан орын алады. Бота көз қазақ халқының дүниетанымында қыз бала көзінің сұлулығын суреттейтін тұрақты эпитетке айналса, сиқырлы сөз еркін тіркес болып табылады. Сондай-ақ, бірінші шумақта көзіне көзі түсу фразеологизмі, жаны аласұрып ойнау тәрізді әрекет пен жанның жай-күйін білдіретін көркемдеуіш құралдар қолданылған. Екінші шумақта Күннің күлуі аллегориясы, Гүлсім – Күн метафорасы, фонетикалық деңгейде аллитерация мен ассонанс паномарасын байқаймыз: Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін! Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед, Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

Ақын Гүлсім ханымның көзін бота көзге теңейді. Көшпелі ғұмыр кешіп, төрт түлік малмен тұрмыс-тіршілігі тығыз байланысты болған қазақ халқы балаларын мал төлдерінің атымен ботам, құлыным деп жақсы көріп еркелеткен. Ал, көзі мөлдіреген ботаның сұлулығын балаға теңеп Ақбота, Ботагөз деп ат қойған. Қыздың көзін ботаға теңеу тұрақтанған эпитет десе де болады. Орыс тілінде В. Любушин мен А. Қодар бота көзді очи прекрасны, красавица, очи медовы деп тәржімаласа, Қ. Бақбергенов глаза верблюженка деп аударған. Яғни, екі аудармада да эпитеттік қасиетін жояды. В. Любушиннің аудармасында екінші шумақтағы бота көз красавица деп генерализация әдісімен аударылған.

Очи сөзі көбінесе өткен жүзжылдықтың орыс поэтикалық тілінде қолданылған. Сөздікте очи – көз сөзінің ескірген синонимі ретінде көрсетіледі: «Поэзияда, әсіресе, өткен ғасырда кеңінен қолданылған. Қазіргі сөйлеуде көздің түсі, қарағандағы ұшқыны мен әсемдігі туралы айтқанда оны ескі мәнерде стильдеу үшін қолданылады. «Очи» сөзі латын тілінен (oculus) алынған. Бұл сөздің өзі көптеген адамдар арасында сығандардың әйгілі «Очи черные» романымен байланыстырады. Бұл әлемдегі ең танымал орыс тілді романс. Ертеде адамдар «очи» деп көздің өзін атаған, ешқандай поэтикалық астары жоқ еді» [20].

Ал, ағылшын тіліне *pretty-eyed, sweet-voiced Lady Gülsim* (сұлу көзді, тәтті дауысты Гүлсім ханым) деп тәржімалайды. Бұл тұста аудармашының бота көз деп тәржімаламауының себебі түсінікті. Ағылшын тілді оқырманға қыздың көзін ботаның көзіне теңеу ерсі естілетіні анық. Мақсатты мәдениетте ондай түсінік жоқ. Сол себепті, аудармашы түпнұсқадағы эпитеттік форманы сақтай алмай, жай сұлу көзді деп аударды.

Ал, сиқырлы сөзді В. Любушин бірінші шумақта *Речь сладка, как нектар из цветков в пиале* деп өз жанынан теңеу қосып (как нектар из цветков в пиале), екінші шумақта *медовая речь* десе, А. Қодар *речи медовы, речи с намеком*, Қ. Бақбергенов *волшебные речи*, Т. Кожаоглу *sweet-voiced* (тәтті дауысты) деп тәржімалайды. Яғни, тек Қ. Бақбергенов дәл түпнұсқаға жақын аударма жасаған. Қалған аударма нұсқаларында сөзі балдай тәтті, астарлы (с намеком) деген мағынаға сай. Сиқырлы сөз деп ақынның дәл қандай сезімдерді білдіргісі келіп тұрғанын дөп басып айту қиын. Бірақ сиқыр деген адамды баурап алатын, еріксіз қызықтыратын дүние. Тәтті, балдай атрибутивтері дәл сиқыр сөзінің мағыналық өрісін түгел қамти алмаса да, сиқырлы сөздің тәтті болмауы да мүмкін емес. Сол себепті, түпнұсқадағы эстетикалық әсер аудармада мүлдем жоғалады деп айта алмаймыз.

Түпнұсқада бота көз, сиқырлы сөз атрибутивті сөз тіркестері екі шумақтың да алғашқы жолында қайталаанады. Бірақ орыс тіліндегі аудармада тек Қ. Бақбергенов осы ерекшелікті сақтайды. Қалған екі аудармада, түпнұсқаның жалпы мағынасы сақталғанымен, дәл қайталау элементі түсірілген. Ағылшын тілінде болса, екі шумақта да *pretty-eyed, sweet-voiced Lady Gülsim* тіркесі қайталанғанымен екінші шумақта *my* (менің) тәуелдік есімдігі аудармашы тарапынан қосылған (*Oh my pretty-eyed, sweet-voiced Lady Gülsim*). Яғни, менің сұлу көзді, тәтті дауысты Гүлсім ханымым делінген. Бұл әрине өлең мазмұнына біраз өзгеріс алып келеді. Түпнұсқада Мағжан өзіне менің ханымым деп атауға рұқсат бермейді. Себебі Гүлсім Камалова Башқұртстаннан Мичурин деген ауқатты кісінің жақында ғана үйленген жас әйелі еді. Аудармашы өзі де өлең аудармасының соңына олардың арасында желөкпе махаббат (*platonic love*) болғанын жазып өтеді (1-Кестенің ескертпесін қараңыз).

Ал, бірінші шумақтың екінші жолына қатысты атап өтетін жәйт (Әр жерде өткізсек те өмір таңын), екі тілдегі аудармалардың барлығында да бұл мағына сақталмаған. Ақынның екеуіміздің таңымыз бірге атпаса да, яғни бірге болмасақ та деген тұсы В. Любушиннің аудармасында мүлдем омиссияға ұшыраған, А. Қодар *Пусть уж нам впечатления мира не новы*, К. Бақбергенов *Нечаянной радостью путь мой отмечен Гульсум!*, ағылшын тіліне *With all our scheming, this life still goes* (Біздің барлық айла-амалдарымызға (құпия жоспарларымызға) қарамастан бұл өмір өтіп жатыр) деп тәржімаланған. Барлық аударма түпнұсқадан алшақтаса, ағылшын тілінде түпнұсқада жоқ қосымша коннотация орын алған. Түпнұсқада ешқандай айла-амал, жасырын

жоспарлар жайлы ой жоқ.

Көзіне көзі түсу фразеологизмі В. Любушиннің аудармасында мүлдем түсіп қалса, Ә. Қодардың аудармасында Почему же волнуясь при встрече я с Вами деп при встрече, яғни кездескенде неден толқимын деп жалпылап тәржімалайды. Үшінші аударма нұсқасында да при встрече стобой деп аударылады. Ағылшын тілінде дәл қазақ тіліндегі мағына мен әсерді жеткізетін when my eyes suddenly catch yours (аяқ астынан көзім көзіне түскенде) идиомасы қолданылған. Және де осы жолдағы түпнұсқадағы уақыт элементі (кей уақыт) – ағылшын тіліне suddenly (аяқ астынан, күтпеген жерден) деп модуляция амалымен тәржімаланады. Яғни, кей уақыт деп анда-санда, ойламаған жерден де болуы әбден мүмкін.

Келесі жолдағы ақынның жанының аласұрып ойнауы нені білдіреді? Негізінде адамның жаны ойнамайды. Бұл тұста ақын жанының мазасының қашуын, тыным таппауын аласұрып ойнау етістігімен астарлап жеткізеді. А. Қодар Почему же волнуясь при встрече я с Вами деп волноваться етістігімен тәржімаласа, В. Любушин Неужели потуги мои все напрасны? деп жалпы соңғы екі жолда еркін аударма жасайды. Қ. Бақбергенов В смущенье приходит душа и уходит покой?! деп экспликациялап жалпы мазмұнын жеткізсе, ағылшын тіліне аудармашы бұл жолды Why should my soul bare all its sorrows? (Неге менің жаным барлық қайғы-қасіретті көтеруі керек?) деп модуляция көмегімен тәржімалайды. Яғни, жан аласұрып ойнайды деген образды тіркесті еш аударма толықтай қайталай алмаған.

Келесі шумақта Көктегі Күн күлмесін дейді. Күннің күлімдеуі аллегорияға жатады, ақын табиғатқа жан бітіреді. Бірақ ақын Гүлсімді күннен де жоғары қояды, күн емес, Гүлсім күлсін дейді. Және соңында Гүлсімнің өзін Күнге теңейді, Гүлсім – көкте жүзетін Күн деп. А. Қодардың аудармасында солнце смеется деп түпнұсқадан алшақтамаса, В. Любушинде (Ты смеешься, и солнце с тобой на беду, Равнодушно взирает на Мир наш не новый) деп еркін аударма орын алған. Қ. Бақбергенов Пусть солнце мрачнеет, но вечно смеется Гульсум! деп түпнұсқаға жақын аударма жасайды, бірақ жадынан түпнұсқада жоқ вечно деген уақыт элементін қосады. Ал, ағылшын тіліндегі аудармада аллегория мүлдем жоғалған: She laughs gaily as the sun strikes his pose. Yet she too can easily sail high in the sky (Күн оның (Мағжанның) тұлғасына жарық түсіргенде, ол (Гүлсім) көңілді күледі. Бірақ ол өзі де аспанның биігінде еркін жүзе алады). Түпнұсқада ақынның Гүлсім ханымға деген ілтипаты көрініс табады, бірақ Гүлсімнің ниеті ешқай жерде білінбейді. Алайда ағылшын тіліндегі аударма қосымша ойлар тудырады. Яғни, Мағжанға күннің көзі түскенде, Гүлсім көңілді күледі делінген. Түпнұсқада мұндай ой жоқ.

Келесі орын алатын Гүлсім – Күн метафорасы А. Қодардың аудармасында толық метафор қалпында сақталса (Ах, Гульсум – это солнце), К. Бақбергеновтың аудармасында теңеуге трансформацияланған (словно

Солнце). Ал, В. Любушиннің аудармасы мен ағылшын тіліндегі аудармада мүлдем омиссияға ұшыраған.

Екінші шумақтағы аллитерация мен ассонансқа келер болсақ (Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін! Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед, Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!), олар екі тілдегі де аудармаларда көрініс таба алмаған. Поэзиядағы «дыбыс ойынын» жеткізу қиын.

Өлең аудармаларының құрылымына келетін болсақ (1-Кестені қараңыз), орыс тіліндегі аудармалар бойынша В. Любушиннің аудармасы екі шумақта да шалыс ұйқасқа(абаб), Ә. Қодардікі қара өлең ұйқасына (ааба), ал Қ. Бақбергеновтың аудармасы егіз ұйқасқа (аабб) құрылған. Ағылшын тілінде бірінші шумақ ерікті ұйқасқа (аббб), екінші шумақ кезекті ұйқасқа (абвб) құрылған. Яғни, барлық аударма белгілі бір әуезділік пен ұйқасқа, 3 бунақтан құралғанымен, тек Ә. Қодардың аудармасы дәл түпнұсқадағы ұйқас формасын қайталаған. Буын санына келер болсақ төмендегідей сандық көрсеткіштерге назар аударайық (1-Кесте негізінде):

«Гүлсім ханымға» өлеңінің орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларындағы буын саны

2 –Кесте.

	Валерий Любушиннің аудармасы	Ауезхан Қодардың аудармасы	Қайрат Бақбергеновтың аудармасы	Тимур Кожаоглудың аудармасы
Бірінші шумақ	12, 12, 11, 12	16, 13, 13, 14	14, 14, 14, 14	10, 10, 9, 10
Екінші шумақ	13, 11, 13, 12	16, 13, 13, 14	14, 14, 14, 14	11, 10, 12, 9

Демек, түпнұсқадағыдай 11 буынды өлең құрылымын қайталайтын аударма жоқ. Бірақ А. Қодар мен Қ. Бақбергеновтың аудармаларында буын саны белгілі бір заңдылыққа бағынып тұр. В. Любушин мен Т. Кожаоглудың аудармасы сандық амплитудасында айтарлықтай айырмашылық жоқ еркін буын санына құрылған.

Нәтижелер. Екі тілдегі де аудармаларды аудармашылар белгілі бір ұйқас, ырғақ пен форма тәрізді поэзия заңдылықтарына сүйеніп тәржімалағанымен, аударма нұсқалары Д. Холмс пен А. Левфевер ұсынған стратегиялардың нақты біріне сай келеді дей алмаймыз. Себебі аудармашылар көбіне түпнұсқаның бастапқы мағынасын сақтай отырып, мақсатты аудиторияға бейімдеп аудару арқылы аналогиялық стратегияға жақындағанымен, талдау барысында кейбір өлең жолдарының еркін аударылғанын байқаймыз. Яғни, өлеңнің тәржімаларынан аналогиялық және девиантты (А. Левфевер бойынша интерпретация) аударма стратегияларының кешені орын алған. А. Левфевер бойынша стратегияларға келсек, түпнұсқа

өлеңнің дыбыстық фонын, метрикасын, рифмасын дәл қайталаған аударма жоқ. Тек Ә. Қодар ұйқас формасын сақтағанымен, буын саны түпнұсқаға сай емес. Тек ағылшын тілінде өлең мазмұны айтарлықтай модификацияланып, түпнұсқада жоқ мағыналық реңктерге ие болған (Oh my pretty-eyed, sweet-voiced Lady Gülsim – Менің сұлу көзді, тәтті дауысты Гүлсім ханымым; She laughs gaily as the sun strikes his pose. Yet she too can easily sail high in the sky – Күн оның (Мағжанның) тұлғасына жарық түсіргенде, ол (Гүлсім) көңілді күледі. Бірақ ол өзі де аспанның биігінде еркін жүзе алады). Жалпы, поэзия аудармасы белгілі бір стратегияға ғана сүйеніп жасау мүмкін емес, барлық амал-айланы, стратегиялар кешпенін, шеберлік пен біліктілікті қолданып орындауды қажет етеді деген тұжырымға келеміз.

Қорытынды. Сонымен, мақалада Мағжан ақынның «Гүлсім ханымға» атты өлеңі орыс тіліндегі үш нұсқасы мен ағылшын тіліндегі аудармасы аясында алғаш рет лингвопоэтика тұрғысынан жан-жақты семантикалық және құрылымдық талдауға түсті. Өлең жолдарындағы көркемдік-бейнелеуіш құралдары анықталып, түпнұсқадағы қолданысы функционалды-когнитивті тұрғыдан интерпретацияланып, аудармадағы көрінісі талданды. Үш тіл арасындағы салыстырмалы талдау нәтижесінде аудармада орын алған трансформациялар бойынша ғылыми болжамдар жасалып, түпнұсқаға тиізген әсері мен мақсатты оқырмандарға бейімделуі, түсінікті болуы тұрғысынан екі векторлы интерпретация ұсынылды. Өлең құрылымы жағынан да толық (буын, бунақ, ұйқас) түпнұсқа/жұбында сандық және сапалық көрестікшітермен салғастырылды. Нәтижесінде, поэзия аудармасында аудармашының нақты қандай да бір стратегияны (Дж. Холмс, Лефевр) қолданбағаны, түпнұсқаға бағынған және алшақтаған тұстары, көркемдік құралдардың өз формасы мен мағынасын толық сақтаған немесе эпитеттік, метафоралық қасиеттерін жойып, тек мағынасы жеткізілген, я бір формадан екіншісіне трансформациясы (метафора-теңеуге) орын алғандығын анықталды.

Сондай-ақ, поэзия аудармасына қатысты зерттеушілер мен аударма практиктерінің пайымдауларын зерделей келе оның асқақ өнер, түпнұсқаға сай өлеңді қайта жасап шығу үшін дұрыс жолы мен бағытын табу қиын лабиринт, тіпті мүмкін емес, соңында қалай болғанда да сәтсіздікке ұшырайтын өнер деген оптимизмнен пессимизмге қарай эволюцияланатын ой-толғамдардың барлығы негізді екенін атауға болады. Бұл пессимизм жас аудармашыларға поэтикалық аудармаға аса үлкен дайындық қажеттілігін сезіндіреді. Яғни, аудармашы тұлғасын тереңінен зерттеп, оның қандай болу керек екендігін метафоралық «категориялармен» ұсынған Зайси Тан (2012) атап өткендей «Аудармашы – бейнелеп айтсақ, шексіз мұхиттарды аралайтын жалғыз теңізші. Ол – суретші, актер, музыкант, делдал, көпір салушы, матч, фотограф, бәсекелес, трансформатор, сатқын, құл, саяхатшы, саудагер, репортер, рұқсат етуші, және таң жұлдызы» [21, 19]. Ал, поэзия аудармашысы аударма

барысында осы аталғандардан басқа кездесетін негізгі тілдік, эстетикалық және мәдени кедергілерді жеңіп, сәтті аударма жасау үшін тек аудармашы емес, талантты ақын болуы қажет деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер

1. Raffel B. The Art of Translating Poetry. – Penn State Press, 1988. – 220 p.
2. Weissbort D. Translating Poetry: The DoubleLabyrinth. – University of Iowa Pr. August, 1989. – 180 p.
3. Robinson P. Poetry&Translation: The Art of the Impossible (Poetry and LUP) Pa perback. – Liverpool University Press, 2021. – 256 p.
4. Biggs M. “Bread and Brandy: Food and Drink in the Poetry of Marilyn Hacker.” // Tulsa Studies in Women’s Literature, vol. 24, no. 1, 2005, pp. 129-150. DOI: [10.2307/20455214](https://doi.org/10.2307/20455214).
5. Zid M. J. Memes of translation revisited: From translating poetry to “po-eming” translation // Theory and Practice in Language Studies, 2014, vol. 4(10), pp. 2026-2032. <http://dx.doi.org/10.4304/tpls.4.10.2026-2032>.
6. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Санат, 1995. – 258 б.
7. Umberto E. The poetry of translation. Mousse Publishing, 2023. – 116 p.
8. Tisgam K. H.. Translating poetry: Possibility or impossibility? // Journal of College for Education for Women, 2014, vol. 25 (2), pp. 511-524.
9. Jafari Z., Karimnia A. A survey of poetry translation according to Antoine Berman. Journal of English Language and Literature Studies Vol. 6, No. 4; 2016 59 Applied Linguistics and Language Research, 2015, 2(2), pp. 54-65.
10. Elliot O. The Art of Failure. – Poet’s Market Annual Edition, 2010. – 316p.
11. Connolly D. Poetry Translation. Routledge Encyclopedia of Translation edited by Mona Baker. Routledge: London, 2001. – P. 340-350.
12. Almasaeid A. Some cultural and linguistic issues involoved in translating the theme of love from Arabic into English in the Seven Odes translated by Frank E. Jhonson // Journal of Education and Practice, 2013, vol. 4(6), pp. 193-203.
13. Holmes J. S. The name and nature of translation studies. Paper to the translation section. In 3rd International Congress of Applied Linguistics, Copenhagen, 1972. – P. 67-80.
14. Lefevere A. Translating Poetry: Seven Strategies and a Blueprint. – Amsterdam: Van Gorcum.1975. – 216 p.
15. Online Etymology Dictionary. URL: <https://www.etymonline.com/word/lady>
16. Мағжан Жұмабаев. Пророк. Стихи, поэмы, рассказ. Перевод с казахского. Составитель Б. Канапьянов. – Астана: Аударма, 2010. – 368 б.
17. Қазақ поэзиясы тілі – ұлттарды топтастырудың рухани өзегі. Жыр жинағы / Қайрат Бақбергенов. – Астана: Фолиант, 2009. – 192 б.
18. Kocaoglu T. Poet of flame, liberty and love. – Astana: Nauka, 2018. – 92 p.

19. Kocaoglu T. "The great Kazakh poet Maghjan Jumabayuli's poems" // Kazakhstan newspaper. – Almaty, No. 22, 2 June, 1993, p. 7.

20. Толковый словарь русского языка. URL: <https://ozhegov.textologia.ru/definit/ochi/?q=742&n=206174>

21. Tan Z. X. The Translator's Identity as Perceived through Metaphors. Across Languages and Cultures, 2012, vol. 13, pp. 13-32. <https://doi.org/10.1556/Acr.13.2012.1.2>

А.Е. АЛПЫСБАЕВА, С.А. АШИМХАНОВА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

М.Б. АБДИМАНАПОВА

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ЛИНГВОПОЭТИКА СТИХОТВОРЕНИЯ М. ЖУМАБАЕВА «ГОСПОЖЕ ГУЛЬСУМ» И ЕЕ ОТРАЖЕНИЕ В ПЕРЕВОДЕ

Аннотация. В статье рассматриваются особенности перевода элементов лингвопоэтики на русский и английский языки в стихотворении Магжана Жумабаева «Госпоже Гүлсім». Поэтический перевод – высшая вершина художественного перевода. Магжан Жумабаев оставил нам чудесное поэтическое наследие. Глубокие, подтекстовые мысли приводятся различными художественными, образными средствами в определенную ритмическую форму, благодаря образности поэтический текст обладает большим количеством скрытой информации, которую извлекает переводчик.

Понадобилось определенное время для изучения перевода поэзии Магжана, мастера поэтического слова, на другие языки. Именно поэтому мы стремимся выявить удачные моменты перевода и возникшие пробелы, сравнивая художественные и изобразительные средства, отвечающие эстетическому эффекту в оригинале и переведенном тексте с лексикосемантической и структурной точки зрения. Также в паре оригинал/перевод анализируются внешние параметры и структура, придающие стихотворению определенную мелодичность и ритм на уровне слов, стрóf и рифмы.

Результаты исследования определяют качество переводов поэзии поэта и в дальнейшем способствуют обогащению опыта перевода на иностранные языки. Определяется, какой стратегии перевода поэзии (По Дж. Холмс и А. Левфеверу) соответствуют три варианта перевода на русском языке и английский перевод, и интерпретируется насколько она повлияла на оригинальное содержание и идею, художественную форму. В настоящее время на английский язык переведено всего двадцать стихотворений поэта. Поскольку для многих переводов русский язык служит промежуточным языком, русские

переводы требуют специального анализа.

Ключевые слова: лингпоэтика, поэтический перевод, художественные средства, структура стихотворения, стратегии перевода.

A.E. ALPYSBAYEVA, S.A. ASHYMKHANOVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
M.B. ABDIMANOVA
Dulaty Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan

LINGUOPOEICS OF M. ZHUMABAYEV'S POEM "TO MADAME GULSIM" AND ITS REFLECTION IN TRANSLATION

Annotation. The article examines the features of the translation of linguapoetics elements into Russian and English in Magzhan Zhumabaev's poem "To Madam Gulsim". Poetic translation is the highest peak of literary translation. Deep, subtextual thoughts are brought into a certain rhythmic form by various artistic and figurative means, and when every word becomes important, the burden placed on the translator becomes heavier.

Translation into other languages of the poetry of Magzhan, a master of the poetic word, is only now being studied. Therefore, we aim to identify successful moments of translation and emerging gaps, comparing artistic and visual means that meet the aesthetic effect in the original and translated text from a lexical-semantic and structural point of view. Also, in the original/translation pair, external parameters and structure are analyzed that give the poem a certain melody and rhythm at the level of syllables, stanzas and rhymes.

The results of the study determine the quality of translations of the poet's poetry and further contribute to enriching the experience of translation into foreign languages. It is determined which poetry translation strategy (According to J. Holmes and A. Lefever) corresponds to three versions of the translation in Russian and the English translation, and the extent to which it influenced the original content and idea, the artistic form, is interpreted. Currently, only twenty of the poet's poems have been translated into English. Since Russian serves as an intermediate language for many translations, Russian translations require special analysis.

Keywords: lingpoetics, poetic translation, artistic means, structure of a poem, translation strategies.

References

1. Raffel B. The Art of Translating Poetry. – Penn State Press, 1988. – 220 p.
2. Weissbort D. Translating Poetry: The Double Labyrinth. – University of Iowa Pr. August, 1989. – 180 p.
3. Robinson P. Poetry & Translation: The Art of the Impossible (Poetry and

LUP) Paperback. – Liverpool University Press, 2021. – 256 p.

4. Biggs M. “Bread and Brandy: Food and Drink in the Poetry of Marilyn Hacker.” // *Tulsa Studies in Women’s Literature*, vol. 24, no. 1, 2005, pp. 129-150. DOI: [10.2307/20455214](https://doi.org/10.2307/20455214).

5. Zid M. J. Memes of translation revisited: From translating poetry to “poeming” translation // *Theory and Practice in Language Studies*, 2014, vol. 4(10), pp. 2026-2032. <http://dx.doi.org/10.4304/tpsls.4.10.2026-2032>.

6. Jūmabaev M. *Şyğarmalar jinağy*. – Almaty: Sanat, 1995. – 258 b.

7. Umberto E. *The poetry of translation*. Mousse Publishing, 2023. – 116 p.

8. Tisgam K. H.. *Translating poetry: Possibility or impossibility?* // *Journal of College for Education for Women*, 2014, vol. 25 (2), pp. 511-524.

9. Jafari Z., Karimnia A. A survey of poetry translation according to Antoine Berman. *Journal of English Language and Literature Studies* Vol. 6, No. 4; 2016 59 *Applied Linguistics and Language Research*, 2015, 2(2), pp. 54-65.

10. Elliot O. *The Art of Failure*. – *Poet’s Market Annual Edition*, 2010. – 316p.

11. Connolly D. *Poetry Translation*. *Routledge Encyclopedia of Translation* edited by Mona Baker. Routledge: London, 2001. – P. 340-350.

12. Almasaeid A. Some cultural and linguistic issues involoved in translating the theme of love from Arabic into English in the Seven Odes translated by Frank E. Jhonson // *Journal of Education and Practice*, 2013, vol. 4(6), pp. 193-203.

13. Holmes J. S. *The name and nature of translation studies*. Paper to the translation section. In *3rd International Congress of Applied Linguistics*, Copenhagen, 1972. – P. 67-80.

14. Lefevere A. *Translating Poetry: Seven Strategies and a Blueprint*. – Amsterdam: Van Gorcum.1975. – 216 p.

15. Online Etymology Dictionary. URL: <https://www.etymonline.com/word/lady>.

16. Magzhan Zhumabaev. *Prorok. Stih, poemy, rasskaz. Perevod s kazahskogo*. Sostavitel' B. Kanap'yanov. – Astana: Audarma, 2010. – 368 s.

17. *Qazaq poeziyası tılı – ūlttıardy toptastyruyñ ruhani özegi*. Jyr jinağy / Qairat Baqbergenov. – Astana, 2009. – 192 b.

18. Kocaoglu T. *Poet of flame, liberty and love*. – Astana: Nauka, 2018. – 92 p.

19. Kocaoglu T. “The great Kazakh poet Maghjan Jumabayuli’s poems” // *Kazakhstan newspaper*. – Almaty, No. 22, 2 June, 1993, p. 7.

20. *Tolkovyj slovar' russkogo yazyka*. URL: <https://ozhegov.textologia.ru/definit/ochi/?q=742&n=206174>.

21. Tan Z.X. *The Translator’s Identity as Perceived through Metaphors. Across Languages and Cultures*, 2012, vol. 13, pp. 13-32. <https://doi.org/10.1556/Acr.13.2012.1.2>.

Авторлар туралы мәлімет:

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің постдокторанты, Алматы, Қазақстан.

Алпысбаева Айгуль Ерболатовна – доктор философии (PhD), постдокторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Alpysbayeva Aigul Erbolatkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), postdoctoral fellow at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Ашимханова Светлана Ашимханқызы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Ашимханова Светлана Ашимхановна – доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Ashymkhanova Svetlana Ashymkhankyzy – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Әбдіманапова Мереке Бахбергенқызы – М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан.

Абдиманапова Мереке Бахбергеновна – старший преподаватель Таразского регионального университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан.

Abdimanapova MEREKE BAKBERGENOVNA – Senior lecturer at M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.